

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЛОГИСТИКАЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ ЖҮК ЖЕТКІЗУ ТІЗБЕГІНІҢ ДАМУЫ

Аңдатпа

Мақалада Қазақстандағы тауар тарату желісінің логистикалық инфрақұрылымын дамыту тұжырымдамалық бағыттары қарастырылады. Қорытынды мына салаларда дамудың қажеттілігі туралы айтылды: халықаралық түйіндерде де, ел ішінде де аймақтық қоғамдық-логистикалық инфрақұрылымды дамыту; оңтайлы тасымалдау есептеулеріне арналған логистикалық технологиялар жүйесін дамыту; сыртқы сауда және логистикалық орталықтар құру және дамыту; кәсіпорынның логистикалық инфрақұрылымын дамыту. Көлік-логистикалық инфрақұрылым – тауарларды өткізу және көлік-логистикалық қызметтерді көрсететін технологиялық кешен (темір жол және ішкі су жолдары, жолдар, тоннельдер, эстакадалар, көпірлер, қоймалар мен контейнерлік терминалдар, көлік және логистикалық жүйелер, сондай-ақ құрылыстар, көлік және логистикалық инфрақұрылым объектілерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін құрылғылар мен жабдықтар). Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, экономиканың серпінді өсуі тауарлардың қозғалысы көлемінің айтарлықтай ұлғаюына және тиісінше, транзитпен қоса ішкі және халықаралық жүк ағымдарына әкеп соғады. Қазіргі уақытта ел көлік кешенін реформалау және республиканың көліктік-логистикалық жүйесін құру бойынша белсенді жұмыс жүргізуде. Бағдарламаның негізгі мақсаты Қазақстан аумағында жоғары және тиімді көлік байланысын қамтамасыз ету, республика аумағында жүк тасымалының өсуіне және құрлық, теңіз және әуе көліктің барлық түрлері жұмысын үйлестіруді қамтамасыз ететін заманауи көліктік-логистикалық жүйені құру.


Тірек сөздер: логистика, инфрақұрылым, транзит, идентификация, интеграция, технология, стратегия, тасымалдау, тізбек.

Республиканың логистикалық инфрақұрылымында көлік қорын дамыту ұлттық мүдделерді қорғаудың маңызды аспектісі, әлемдік нарықтық жүйеге толық интеграциялаудың және ел экономикасын одан әрі дамытудың белгілі бағыты болып табылады. Қазақстанда транзитті қорды, халықаралық тасымалды қозғалысты дамытудың артықшылығы мен объективті алғышарттары бар. Оларға халықаралық және транзитті тасымалдарды ұйымдастыру үшін географиялық және геостратегиялық орналасуы, нормативті-құқықтық негіз бен институционалды базаны жетілдіру мүмкіндігі, тармақталған ұлттық көлік желісінің болуы, магистральді темір жолдардың болуы және сыртқы байланыстар мен халықаралық ынтымақтастықты белсенді дамыту жатады [1].

Логистиканың инфрақұрылым бойынша барынша маңызды құралы жаңа технологияларды қолдану болып табылады: тауарды ауыстырумен байланысты технологиялар (қаптауды электронды идентификациялау, жүктің тұрған орнын жер серіктік қадағалау және басқалары); басқарудың автоматтандырылған жүйелерін дамыту және ақпараттық-телекоммуникациялық қамтамасыз етуді жетілдіру және басқалары.

Жеткізу тізбегін логистикалық инфрақұрылымдық басқаруды жетілдіру ең төменгі шығындармен қызмет ұсынуды білдіреді. Жүктерді тасымалдау кезіндегі тиімді технология өнімді үлкен қашықтықтарға тез тасуға мүмкіндік береді, сондықтан тұтынушылармен қатар көптеген дәстүрлі қоймаларды салудың қажеттілігі жоқ (сурет 1, б. 104) [1].

Қазақстан Республикасының құрамына логистикалық инфрақұрылымдық қызмет көрсететін отандық мекемелерге кіру жағдайында жеткізу тізбегін ұйымдастыру мен басқарудың практикасын және халықаралық тәжірибесін, тұтынушылар алғысы келетін және төлеуге дайын қызмет ету деңгейін ескеру қажет. Негізгі фактор тапсырысты орындау уақыты екенін ескеру керек. Үлгісінде тапсырысты орындау уақыты жүктерді ауыстыруды синхронизациялау технологиясын пайдалану барысында минимумға (нөлге) жуықталуы тиіс. Мұнда ақпарат жеткізу тізбегінің барлық қатысушыларына бір уақытта жеткізіледі, және сондықтан шаруашылық етуші субъектілер, ресурстар тізбек бойынша жоғары немесе төмен ауысуы жүретін хабарламаны күтпей, жүктердің ауысуын үйлестіре алады [1].



Сурет 1 – Көліктік-логистикалық инфрақұрылымның факторларының өзара әрекеті

Логистиканың инфрақұрылымдық дамытудың басқа маңызды факторы тұтынушының тапсырысына сәйкес дербес өнімдерді қалыптастыру болып табылады. Бұл өнімдерді жаппай шығару және тапсырысқа жеткізу. Мұнда соңғы тұтынушы мен өндіруші арасындағы тура коммуникацияларды қамтамасыз ететін В2С типті жеткізу варианты қолданылады және оны жүзеге асыру үшін жеткізу тізбегінің иілгіштігі, нарықтың өзгермелі жағдайында тапсырысқа әсердің оперативтілігі және жылдамдығы талап етіледі.

Логистикалық инфрақұрылымдық басқару әдістері барлық қажетті материалдар өндіріс пен жеткізу үшін қолайлы екенін кепілдеуге мүмкіндік береді және бұл тапсырыс берушіге өнімді жедел жинап, жеткізіп беруге мүмкіндік береді. Мұнда логистикалық тізбектің «виртуалды интеграциялау» жүйесінің құралы қолданылады. Тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған жеткізудің қазіргі заманғы технологияларын пайдаланудан басқа, жеткізу тізбегін логистикалық басқару құралын жетілдірудің басқа маңызды тенденцияларын көрсетуге болады [2].

Ғалымдар мен мамандардың зерттеулерін жинақтау негізінде жеткізу тізбегін интеграциялау бағыттарын, тенденцияларын анықтайтын, жеткізу тізбегін логистикалық басқару құралының элементтері мен звеноларының өзара әрекетінің және жеткізудің логистикалық жүйе құралын жетілдіру схемасы жасалды. Бұл схеманы жүктерді және қызметтерді жеткізу тізбегін логистикалық басқару жағдайында жүктерді жеткізудің интеграциялы тізбектерін құру кезінде көлік фирмаларының мамандарымен ескеру қажет.

Жеткізу тізбегін логистикалық инфрақұрылымдық интеграциялауды жетілдіру тенденцияларын талдау логистикалық басқаруды өзгертудің негізгі бағыттарын, тиісті тәсілдерді көрсетуге мүмкіндік береді.

Тәсілдерді қамтитын үш бағытты атауға болады: қалдықты азайтудан шығатын «өнімсіз логистика» үшін типті; тұтынушылар қажеттілігіне әсер етудің иілгіштігі мен жылдамдығынан шығатын қозғалысты логистика үшін типті және жеткізу тізбегіндегі тығыз өзара әрекеттің қажеттілігінен шығатын жеткізу тізбегін интеграциялауға қолайлы [3].

Бұл үш бағыттар, кейбір дәрежеде өзара бәсекелес, бірақ бір-бірін жоққа шығармайды, өзара толықтырады және логистикалық жүйелердің сапасын қарайтын үш маңыздысы болып табылады – жеткізу тізбегін логистикалық басқарудың динамизі мен интеграциялануы, «майдың» болмауы. Жеткізулермен логистикалық басқару жүйесі бұл барлық үш сипаттамаларды қамтуы тиіс.

Отандық логистикалық инфрақұрылымдық мекемелерді дамыту және Қазақстанда жеткізу тізбегін басқаруды интеграциялау, тиісті жағдайларды құру үшін дамыту кезеңдерін қарастыру қажет.

Жеткізуді логистикалық инфрақұрылымдық басқарудың фрагментті қызметінен стратегиялық басымдылықтарға өтудің кезеңдері мен халықаралық тәжірибелерін талдау қазіргі уақытта Қазақстанда қалыптасып жатқан логистикалық құрылымдар үшін және көліктік-коммуникациялық кешеннің көліктік қызметтің әлемдік жүйесіне интеграциялау жағдайларын құру үшін қажет. Бұл міндет Қазақстанның БСҰ құрамына кіруіне дайындық жағдайында өте маңызды. Фрагментті қызметті орындаудан стратегиялық міндеттерге және қазіргі әлемде жеткізу тізбегін интеграциялаудың халықаралық логистикалық мекемелер өткен кезеңдер 1 суретте келтірілген [3].

| | | | |
|---------|---|---|---|
| 1 кезең | Логистикалық инфрақұрылымдық қызметтер жеке салаларда жүзеге асырылған Логистикалық операциялар екінші ретті (басымды емес) | | |
| 2 кезең | Логистикалық қызметтің жеке түрлері басымды және маңызды | | |
| 3 кезең | Логистикалық жүйенің жеке қызметтерін жетілдіру; көліктік, келісімдік, өндірістік-коммерциялық және т.б. | | |
| 4 кезең | Жеткізудің логистикалық жүйесінің ішкі интеграциясы: ішкі кооперациялаудан шығатын пайданы мойындау және логистикалық қызмет нарығында жеке қызметтерді біріктіру | | |
| 5 кезең | Логистикалық стратегияны жасау, ұзақ мерзімді стратегиялар мен логистикалық жүйені дамытудың бағыттарын қалыптастыру | | |
| 6 кезең | Жаңа технологияларды, техникалық жаңалықтар мен жақсы үлгілерді жеткізудің логистикалық жүйесінде пайдалану | | |
| | Халықаралық тәжірибе мен жетістіктерді үйрену | Көрсеткіштерді салыстыру және теңеу | Учаскелер мен тар жерлерді анықтау |
| 7 кезең | Жеткізудің логистикалық тізбегін үздіксіз жетілдіру | | |
| | Өзгерістерден шарасыздық алғы шарттары | Жеткізуді тұрақты іздеу және мониторинг жүргізу | Озық бақылауды және логистикалық құралды дамыту |

Сурет 2 – Жеткізу тізбегін интеграциялау кезеңдері мен дамытудың сұлбасы

Қазақстанда және ТМД елдерінде жеткізу тізбегін логистикалық инфрақұрылымдық басқару құрамын жетілдіру мен жаңа технологияларды дамыту үшін көліктік – коммуникациялы кешенде интеграциялау үшін, аймақтарда және көліктің жеке түрлерін интеграциялау үшін тиісті жағдайларды құру қажет. Логистикалық жүйенің жеке түрлері емес, жеткізудің логистикалық тізбектері бәсекелесу тиіс. Жеткізу тізбегін басқарудың логистикалық жүйелерін интеграциялау Қазақстан мен ТМД елдерінің БСҰ құрамына кіруі мен дайындығы жағдайында ерекше маңызды. Еліміздің экономикасының динамикалық өсуін қамтамасыз етуде көлік жүйесі оның маңызды құраушысы болып табылады. Жүктерді жеткізу тізбегін логистикалық басқару жүйесі мұнда ұлттық және әлемдік нарықтың интеграциялауды дамыту деңгейінің анық барометрі болып көрінеді. Халықаралық интеграция жағдайында жеткізу тізбегін логистикалық басқарудың қажеттілігі жүктердің сақталуын қамтамасыз ете отырып және әлемдік экономиканы глобализациялау мен дамыту стратегиясын ескеріп бәсекеге қабілеттілікті арттыра отырып, жүк тасымалының өнімділігін арттыруға талпынумен көрінеді [2].

Көптеген елдердің ІЖӨ-де көлік үлесі 4–9%, ал жұмыстық 3–8% шегінде ауытқиды. Бірақ өндіріс саласында жиынтық өнімнің әрбір тоннасы орташа халықаралық теңіз тасымалын ескерусіз 550 ткм немесе 860 ткм көлемінде көлік жүйелері жұмыстарын талап етеді [2].

Халықаралық темір жолдар одағы (ХТЖО), Еуропалық темір жолдар Бірлестігі (СЕР), Халықаралық қоғамдық көлік одағы және Еуропалық темір жол өнеркәсібі одағы 2020 жылға «Темір жолдардың бірыңғай жалпы еуропалық желісін» құру мақсатымен темір жолда жұмыстар мен зерттеулердің жалпы стратегиясын жасады. (Мұнда жүк тасымалының көлемін 3 есе, жолаушылар тасымалы – 2 есе арттыру қажет. Ресми түрде қойылған міндет темір жолдардың жүк айналымын 2016 ж. 240 млрд ткм, 2020 ж. 780 млрд ткм, яғни 20 жылда 3 еседен артық арттыру болып табылады.

Дамыған елдердің темір жол қызметіндегі тәжірибе мен табыстар, темір жол жұмысының тиімділігін арттырудың негізгі жолы ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін пайдалану болып табылады. 2016 ж. АҚШ темір жол жұмысы еңбегінің өнімділігі 12 млн келтірілген ткм/адамға жетті. Еуропаның темір жол жұмысының ұқсас орташа көрсеткіші 15 есеге артты. Францияда, сол уақытта 1 келтірілген ткм еңбек шығынының көрсеткіші 183-тен 417 адам-с. өсті, яғни 2,5 есе көбейді. Бірақ барынша әсерлі көрсеткіш АҚШ-тағы локомотивтер өнімділігі болып саналады. Пойызда локомотивтің орташа санын төрттен үшке азайту қойылған мақсатына 30 жылда жетті. Енді қойылған кезекті міндет – пойызда локомотивтер санын үштен екіге азайту болып табылады. Жеткізудің логистикалық тізбегін қалыптастыру мен тасымалдың жаңа технологиялар енгізудің халықаралық тәжірибесін үйрену тарихи тәжірибені барынша толық ойластыру үшін қажет: жаңаны бастай отырып, ескіні негізді түрде ойластыру қажет [2].

Қазақстанның өнеркәсіптік-көліктік жүйесін дамытудың индустриалды-инновациялық бағдарламасына сәйкес тауарлар құны мен отандық өндірушілердің қызметінде көліктік құраушыны төмендету және ресурстарды пайдаланудың тиімділігін арттыру.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Государственная программа развития и интеграции инфраструктуры транспортной системы Республики Казахстан до 2020 года: утв. Указом Президента РК 13 января 2013 г. № 725. – Астана, 2013.
- 2 Logistics Performance Index: Connecting to Compete 2012: worldbank.org/.
- 3 Тулендиев Е.Е. Научно-методические основы развития системы региональных транспортно-логистических центров (на примере Республики Казахстан): автореферат дис. ... канд. экон. наук. – М., 2009. – 23 с.

Аннотация

В статье исследованы концептуальные направления развития логистической инфраструктуры товаропроводящей сети Казахстана. Сделан вывод о необходимости его развития в следующих направлениях: развитие региональной логистической инфраструктуры общего пользования как в международных узлах, так и внутри страны; развитие системы логистических технологий для оптимальных расчетов перевозки; создание и развитие зарубежных торгово-логистических центров; развитие логистической инфраструктуры на пред-

приятии. Транспортно-логистическая инфраструктура – технологический комплекс, предназначенный для организации движения товаров и оказания транспортно-логистических услуг (железнодорожные и внутренние водные пути, автомобильные дороги, тоннели, эстакады, мосты, складские и контейнерные терминалы, транспортно-логистические комплексы, а также здания, сооружения, устройства и оборудование, обеспечивающие функционирование объектов транспортно-логистической инфраструктуры). Мировой опыт показывает, что динамичный рост экономики приводит к значительному росту объемов товародвижения и, соответственно, грузовых потоков, как внутренних, так и международных, в том числе транзитных. В настоящее время в стране ведется активная работа по реформированию транспортного комплекса и созданию транспортно-логистической системы республики. Главной целью программы является создание на территории Казахстана современной транспортно-логистической системы, обеспечивающей высокую и эффективную транспортную связность внутри страны, увеличение грузопотоков по территории республики и координацию работы всех видов наземного, морского и воздушного транспорта.

Ключевые слова: логистика, инфраструктура, транзит, идентификация, интеграция, технология, стратегия, перевозка, цепь.

Abstract

The article explores the conceptual directions of the development of the logistics infrastructure of the commodity distribution network in Kazakhstan. The conclusion is made about the need for its development in the following areas: the development of a regional public logistics infrastructure, both at international nodes and within the country; development of a system of logistics technologies for optimal transportation calculations; creation and development of foreign trade and logistics centers; development of logistics infrastructure in the enterprise. Transport and logistics infrastructure is a technological complex designed to organize the movement of goods and provide transport and logistics services (railroad and inland waterways, motor roads, tunnels, overpasses, bridges, warehouse and container terminals, transport and logistics complexes, and buildings and structures, devices and equipment). The world experience shows that the dynamic growth of the economy leads to a significant increase in the volume of goods and, consequently, the flow of goods, both domestic and international. The main aim of the program is the development of modern transport and logistics system that provides high and efficient transport connectivity within the country, increase of cargo flows through the territory of the Republic and coordination work of all types of land, sea and air transport.

Key words: logistic, infrastructure, transit, authentication, integration, technology, strategy, transportation, chain.